«Бекітілген»
«ForteBank» АҚ-ның
№01-017092/751 29 қазан 2026 ж.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҚШАУЛАНҒАН БӨЛІМШЕЛЕРІ (ФИЛИАЛЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ), ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР, ЖЕКЕ НОТАРИУСТАР, ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫ, АДВОКАТТАР, КӘСІБИ МЕДИАТОРЛАР, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ, ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ, ШЕТЕЛДІК ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ ӨКІЛДІКТЕР, ҚАРЖЫ БАСҚАРУШЫЛАРЫ ҮШІН АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ШОТТАРДЫ АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Осы Заңды тұлғалар және олардың жеке бөлімшелері (филиал және өкілдіктері), жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, шаруа қожалықтары, фермер қожалықтары, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктері, қаржы басқарушылары үшін ағымдағы және цифрлық шоттарды ашу, жүргізу және жабудың жалпы талаптары (бұдан әрі – Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі - Банк) www.forte.kz ресми интернет-сайтында жарияланды. Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптар Клиент ұсынған Қосылу туралы өтініштің ажырамас бөлігі болып табылады, онда оның негізгі талаптары жазылады және ол бірлескен бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі - Шарт) білдіреді және Банк Клиенттен Қосылу туралы өтінішті қабылдаған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Банк Клиентке Шартқа сәйкес ағымдағы шотты (бұдан әрі – Шот) және/немесе цифрлық шот ашады және Клиенттің пайдасына келіп түсетін ақшаны қабылдауға, Клиенттің Клиентке немесе үшінші тұлғаларға ақшаның тиісті сомаларын аудару/беру туралы өкімдерін орындауға және Қазақстан Республикасы (ҚР) заңнамасының, Банктің ішкі құжаттары мен Банк Тарифтерінің талаптарын сақтай отырып, осы Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда көзделген өзге де қызметтерді орындауға міндеттенеді.

ЦТ айналымы, ЦШ ашу және жүргізу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің цифрлық теңге платформасында жүзеге асырылады.

Банк ЦШ-ға қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, оның ішінде Клиентке төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру, сондай-ақ ЦШ пайдалана отырып орындалатын өзге де операцияларды жүргізу үшін ақпараттық ресурстар (жүйелер) арқылы өзінің ЦШ-ына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады.

ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте берілген Клиенттің өтініші бойынша Банк Клиенттің банктік шоттары бойынша жүргізілген банктік операциялар түрі, күні және сомасы туралы ақпарат жазылған SMS-хабарламаны қолтаңба үлгілері және мөрбедері бар құжатқа сәйкес, мұндай өтініште көрсетілген Клиенттің уәкілетті тұлғасына (бұдан әрі - Пайдаланушы) жолдау қызметін («SMS-хабарлама» қызметі) ұсынады.

Клиент Банк көрсететін қызметтердің ақысын осы Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда қарастырылған тәртіпте және талаптарда, **www.forte.kz** адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес төлеуге міндеттенеді.
Осы Ағымдағы және цифрлық шоттардың жалпы талаптары бойынша заңды тұлға және оның оқшауланған бөлімшесі (филиал және өкілдігі), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа қожалығы, фермер қожалығы, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдігі, қаржы басқарушысы Клиент болып табылады.
Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Банк ұсынатын төлем қызметтерінің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдерге сәйкес келеді.

1. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда келесі негізгі терминдер мен мағыналар қолданылады:

1) **Автокасса** - жасалған QR-код бойынша ағымдағы (оның) шотына/шотынан қолма-қол ақшаны қабылдау-беру бойынша операцияларды жүзеге асыруға арналған құрылғы;

2) **Баламалы сәйкестендіргіш** - төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын банктік шот нөмірін пайдаланбай жүзеге асыру кезінде ақша алушыны сәйкестендіру үшін пайдаланылатын клиенттің деректемесі, оның ішінде мобильді телефон нөмірі не ҚР заңнамасында, төлем жүйелерінің қағидаларында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де сәйкестендіргіш.

3) **Банк** – «ForteBank» АҚ, сонымен қатар оның филиалдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің цифрлық теңге платформасының қатысушысы;

4) **Банк қызметтері** – Клиенттің банктік шотын ашу және жүргізу қызметі, онлайн-платформа, Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі (бұдан әрі - интернет- және мобильді банкинг) жүйесі арқылы ұсынылатын электронды банк қызметтері, цифрлық теңге платформасын пайдаланушылардың цифрлық шоттарына қызмет көрсету қызметтері;

5) **Клиент** – заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, қаржы басқарушысы, жеке практикамен айналысатын тұлғалар, ҚР заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыратын өзге тұлғалар (ҚР резиденттері/бейрезиденттері), цифрлық теңге платформасын пайдаланушылар;

6) **Цифрлық теңгені таңбалау** – цифрлық теңгені кейіннен сәйкестендіру мақсатында оған бірегей әріптік-цифрлық немесе графикалық белгілер беру;

7) **Ұлттық орталық** - ҚР заңнамасында және цифрлық теңге платформасының құжаттарында көзделген функцияларды орындайтын «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ;

8) **Операциялық күн** - Банк Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда көзделген операцияларды жүзеге асыруға Клиенттің өкімдерін (тапсырмаларын) орындауға қабылдайтын Банк белгілеген уақыт кезеңі. Цифрлық теңгемен орындалатын операциялар үшін операциялық күн ҚР заңнамасына сәйкес цифрлық теңге платформасының операторы белгілеген цифрлық теңге платформасының жұмыс режимін ескере отырып айқындалады;

9) **Қосылу туралы өтініш** - Клиент Банкке қандай да бір банк қызметін алу мақсатында ұсынатын, Клиенттің Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптармен келісетіндігін және Шарттың жасалғанын растайтын бекітілген нысандағы құжат.

10) **Қаржы агенті** - Клиенттің қаржыландыру сомасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін, Клиентке факторинг шартының талаптары бойынша қаржыландыру қызметін ұсынатын факторинг компаниясы болып табылатын заңды тұлға, Клиент пен көрсетілген үшінші тұлға арасындағы қатынастардан туындайтын өзінің үшінші тұлғаға (борышкерге) ақшалай талабын Клиент Қаржы агентіне береді;

11) **Цифрлық теңге платформасы** – ҚР заңнамасында көзделген цифрлық теңгені пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, сондай-ақ операциялардың басқа түрлерін жүзеге асыруды цифрлық теңге платформасы эмитентінің (операторының), қатысушыларының және цифрлық теңге платформасын пайдаланушылардың өзара іс-қимылы арқылы қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар мен қатынастардың жиынтығы;

12) **Цифрлық теңге платформасының пайдаланушысы –** цифрлық теңгемен операцияларды жүзеге асыру мақсатында цифрлық теңге платформасының цифрлық шотқа қызмет көрсететін қатысушысы арқылы цифрлық теңге платформасына өту мүмкіндігі бар жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкер, заңды тұлға;

13) **Техникалық құжаттама** – цифрлық теңге платформасы қатысушыларының технологиялық және ұйымдастырушылық талаптарын, хабарламалар алмасу рәсімдері мен форматтарын, аутентификациялау тәртібін және өзара іс-қимыл жасау қағидаларын

айқындайтын «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ-ның реттеуші құжаттарының жиынтығы.
14) **Цифрлық теңгені бағдарламалау технологиясы** (бұдан әрі – смарт-келісімшарт) - цифрлық теңгені айналысқа шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, талаптары мен өлшемшарттарын белгілеу;
15) **Цифрлық теңге платформасының қатысушысы** - цифрлық теңге платформасын пайдаланушылардың цифрлық шоттарына қызмет көрсететін Банк;
16) **Цифрлық шот (бұдан әрі - ЦШ)** – цифрлық теңге платформасында цифрлық теңгені есепке алу және сақтау үшін пайдаланылатын, цифрлық теңге иелеріне оларды басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін Клиенттің/Банктің шоты;
17) **Цифрлық теңге** (бұдан әрі - ЦТ) - Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының цифрлық нысаны және заңды төлем құралы.

2. АҚША АУДАРУ ЖӘНЕ КАССАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

2.1. Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жалпы талаптарда көзделген тәртіппен және тәсілдермен, Шоттағы және (немесе) ЦШ-дағы ақша сомасының қалдығы шегінде өз Шотынан және (немесе) ЦШ-дан төлемдер жасауға және ақша аударымдарын жүзеге асыруға құқылы. Егер Шотта және (немесе) ЦШ-да Банк алатын комиссияның мөлшерін ескере отырып, төлемді жүргізуге, ақша аударымын жүзеге асыруға ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиентке нұсқауды орындаудан бас тартуға құқылы.
2.2. Банктің техникалық мүмкіндігі болса, Клиент ҚР заңнамасында, осы Жалпы талаптарда және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ЦШ-мен операцияларды жүзеге асыруға құқылы.
2.3. ЦШ-ны толықтыру келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:
- Клиенттің Банктен оған баламалы сомадағы қолма-қол ақшаны төлеу (беру) және Банктің ЦШ-нан Клиенттің ЦШ-на ЦТ есептеу арқылы ЦТ сатып алуы;
- Клиенттің банктік шотынан баламалы сомадағы қолма-қол ақшасыз қаражатты есептен шығару және кейіннен Банктің ЦШ-нан Клиенттің ЦШ-на ЦТ есептеу арқылы Клиенттің Банктен ЦТ сатып алуы;
- Клиенттің пайдасына басқа цифрлық шоттардан түсетін ЦТ-ны есептеу.
2.4. ЦТ-ны ЦШ-дан шығарып алу (алу) келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:
- Банктің Клиенттен сатып алынған ЦТ баламалы сомасы мөлшерінде Клиентке қолма-қол ақша беруі;
- ЦТ-ны басқа цифлық шотқа аудару;
- Банктің Клиенттің ЦШ-нан ЦТ-ны есептен шығаруы және кейіннен Клиенттің банктік шотына баламалы сомадағы қолма-қол ақшасыз қаражатты есепке алуы.
2.5. ЦТ-ны ЦШ-ға немесе қолма-қол ақшасыз қаражатты Клиенттің банктік шотына аударуды Банк ҚР заңнамасында, ЦТ платформасының құжаттарында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.
2.6. Ақшаны есептеу ЦТ смарт-келісімшарттары негізінде жүзеге асырылған жағдайда, ақшаны есептеу мерзімдері мен талаптары ЦТ смарт-келісімшарттарында белгіленеді.
2.7. ЦТ-ны өтеуді Банк Клиент қалыптастырған сұрау салу негізінде Ұлттық Банкте ашылған банктің корреспонденттік шотына баламалы ақша сомасын ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен аудару арқылы жүзеге асырады.
2.8. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Клиент Банкке өзге нысанда нұсқаулар беруге құқылы, мұндай нұсқауда Банктің Клиент нұсқауын тиісті түрде орындауы үшін қажетті және ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген барлық ақпарат қамтылуы тиіс. Мұндай жағдайда Банк ҚР заңнамасында талап етілетін не Банк пайдаланатын нысан бойынша төлем құжатын дербес қалыптастырады.
2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Жалпы талаптарда өзгеше көзделмесе, Банк Клиенттің ақша қаражатын пайдалану бағыттарын айқындауға және бақылауға, сондай-ақ оның ақша қаражатына өз қалауынша иелік ету құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген тәсілмен шектеуге құқылы емес.

2.10. Клиент осы Жалпы талаптарға қосылу арқылы Банкке келесі құқықты береді: Клиентке алдын ала хабарламай және Клиенттің қосымша келісімін алмай-ақ, акцептісіз тәртіппен оның Шотынан және (немесе) ЦШ-дан немесе Банкте ашылған өзге де банктік шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы, ал оларда ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлем құжаттарын Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі кез келген басқа банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) ашылған Клиенттің кез келген банктік шоттарына және (немесе) ЦШ-на ұсыну арқылы, ҚР немесе тиісті шет мемлекеттің заңнамасында мұндай төлем құжаты бойынша Клиенттің қосымша акцептін талап етпейтін төлем құжаттарын ұсынуға жол берілген жағдайларда, Клиенттің кез келген шоттарынан, оның ішінде ЦШ-дан Банк алдындағы берешегі мөлшерінде ақша сомасын кез келген валютада алу (есептен шығару).
2.11. Клиент осы Жалпы талаптарға қосыла отырып, Клиент Банктің интернет және мобильді банкингі қашықтан қызмет көрсету жүйесіндегі қашықтан қол жеткізу құралдарын пайдалана отырып жіберген құжаттарды/нұсқауларды Банктің алуы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қағаз жеткізгіштегі құжаттарды алумен заңды түрде тең екендігін растайды. Клиент Электрондық банк қызметтерін ұсыну туралы келісімде көрсетілген тәртіпте және талаптарда қалыптастырылған және берілген құжаттарды қағаз жеткізгіштегі құжаттармен/ нұсқаулармен тең дәрежеде пайдалану құқығын береді. Бұл ретте Клиент орындау үшін Банкке интернет және мобильді банкинг арқылы жіберілген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапты болады.
2.12. Клиент интернет және мобильді банкинг арқылы немесе логиндерді, құпиясөздерді және/немесе бір реттік (біржолғы) кодты пайдалана отырып, өзге де балама арналар арқылы банктік шот бойынша жасаған барлық операция үшін өзі жауапты болады. Ал Банк интернет және мобильді банкинг немесе өзге де баламалы арналар арқылы банктік шот бойынша операциялар жүргізу туралы Клиенттің нұсқауларын уақытында орындауға жауапты. Бұл ретте Клиент логинді, құпиясөзді, бір реттік (бір жолғы) кодты құпия сақтауға және олардың үшінші тұлғаларға жария етілуіне жол бермеуге міндетті, бұл деректер үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, оның ішінде Клиент олардың құпиялылығын сақтауға жеткілікті шаралар қабылдамағандықтан жария етілсе, осыған байланысты туындайтын барлық салдар мен тәуекелді Клиент өзі көтереді.
2.13. Банк Клиенттің нұсқауларын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген мерзімде және тәртіпте орындайды.
2.14. Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте және талаптарда ұлттық және шетел валютасында айналыстағы банкноттар мен монеталарды қабылдауды, қайта есептеуді, ұсақтап беруді, айырбастауды, сұрыптауды және сақтауды қамтиды.
2.15. Қолма-қол ақшаны қабылдау және беру:
- Банк филиалының операциялық кассасы арқылы;
- Банк филиалының қайта есептеу кассасы арқылы;
- АТМ/Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы арқылы;
- Автокасса арқылы жүзеге асырылады.
2.15. Банктің ішкі құжаттарында немесе ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда, Клиент Банкке қолма-қол ақша алуға алдын ала өтінім, сондай-ақ оларды алғанға дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын алу мақсатын растайтын құжаттарды ұсынады және Банкте бар банкноттар мен монеталардағы қолма-қол ақшаны қабылдайды.
2.16. Кассада Клиентке қолма-қол ақша беру үшін қажетті сома болған жағдайда, Клиент өтініш берген күні, алдын ала өтінімсіз ақшаны беру жүзеге асырылады.
2.17. Клиент/Банк қолма-қол ақшаны алған/қабылдаған кезде Банктің орынжайында және Банк кассасы қызметкерінің/Клиент өкілінің қатысуымен қолма-қол ақшаны қайта санау кезінде анықталған күмәнді, төлем жасауға жарамайтын және қолдан жасау белгілері бар ақша белгілерінің табылғаны туралы, ақшаның кем-артық шыққаны туралы шағымдарды мәлімдеуге құқылы.

2.1. ШОТТАР БОЙЫНША ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР

Банк осы Шартта белгіленген жағдайларда Шотты жүргізудің арнайы режимін қарастыруы мүмкін, Клиент оны Қосылу туралы өтінішке тиісті белгі қою арқылы таңдайды. Шарттың басқа талаптарына қайшы келген жағдайда, Шарттың осы бабында қарастырылған талаптар басымдыққа ие болады.

2.1.1. КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТІСІНІҢ ОРТАҚ МҮЛКІН КҮТІП ҰСТАУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАРҒА АҚШАНЫ ЕСЕПТЕУГЕ АРНАЛҒАН БАНКТІК (АҒЫМДАҒЫ) ШОТ

2.1.1-1. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарға ақшаны есептеуге арналған шот тек қана кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарға ақшаны есептеуге арналған, оған пәтер, тұрғын емес жай иелерінің кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқаруға және күтіп ұстауға, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ай сайынғы міндетті жарналары, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер ақысы кіреді.
2.1.1-2. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға қатысы жоқ кіріс және шығыс операцияларды мұндай Шот бойынша жүргізуге болмайды.
2.1.1-3. Банк Мүлік иелерінің бірлестігі төрағасының жазбаша сұрау салуы негізінде ай сайын Шоттағы ақшаның қозғалысы және кондоминиум объектісін басқару мен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға ақшаның жұмсалуы туралы ақпарат береді.

2.1.2. ӨНДІРІП АЛУШЫЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНА ӨНДІРІП АЛЫНҒАН СОМАЛАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТЫ

2.1.2-1. Жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты борышкерлерден өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ақшаны есептеу үшін ашылады.
2.1.2-2. Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты бойынша операциялар қолма-қол ақшасыз нысанда ғана жүзеге асырылады.

2.1.3. ТҰРАҚТЫ ӨКІМ

2.1.3-1. Клиенттің тапсырмасы бойынша бенефициардың (-лардың) пайдасына тұрақты төлемдерді жүзеге асыру үшін Банк ҚР заңнамасында белгіленген нысанға сәйкес Клиент ұсынған тұрақты өкім негізінде, Шотта жеткілікті ақша сомасы болған кезде, қосымша төлем құжаттарын талап етпестен автоматты түрде қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырады.

2.1.4. БАНКТІК (АҒЫМДАҒЫ) ШОТТЫ ТІКЕЛЕЙ ДЕБЕТТЕУ

2.1.4-1. Банктің бенефициардың төлем талабы немесе төлем ордері негізінде, Қосылу туралы өтініште көрсетілген бенефициардың деректемелері және Клиенттің бенефициар алдындағы ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттар бойынша төлем жүргізуі үшін Клиент Банкке Шотты тікелей дебеттеу арқылы ақша алуына келісім береді, бұл ретте төлем талабын немесе төлем ордерін ұсынуға негіз болатын Клиенттің бенефициар (бенефициарлар) алдындағы ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттар болуы тиіс.
2.1.4-2. Клиенттің төлем құжаттарын, оның ішінде Банктің төлем ордерін орындау үшін қажетті ақшасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Банк оны мерзімінде орындалмаған құжаттардың картотекасына орналастырады. Картотекаға орналастырылған төлем талаптары Банкте олар орындалғанға дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақыт сақталады. Клиенттің банктік шотына жеткілікті сома түскеннен кейін Ақша жіберушінің

банкі бұрын берілген төлем талабы немесе Бенефициардың төлем ордері негізінде банк шотынан тікелей дебеттеу арқылы төлемді жүзеге асырады.

2.1.5. ИНКАССАЛАНҒАН ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САНАУ, ШОТҚА АУДАРУ

2.1.5-1. Инкассаланған ақшаны қабылдау, қайта санау және Клиенттің шотына есептеу Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Есептеу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, келесі операциялық күнінен кешіктірілмей Клиенттің шотына жүргізіледі.
Бұл ретте:
1) Банкке қолма-қол ақшаны жеткізуді ұйымдастыру Клиенттің күшімен және қаражаты есебінен, инкассация бойынша қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар, бұдан әрі «Инкассация қызметі» деп аталатын ұйымды тарта отырып жүзеге асырылады;
2) Инкассация қызметі инкассаланған ақшаны Банкке жеткізген кезде қолма-қол ақшаны қабылдау және қайта санау ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады;
2.1.5-2. Комиссияны төлемеу немесе берешекті өтеу мақсатында оларды есептен шығару үшін банктік шотта ақша қаражатының қамтамасыз етілмеуі қатарынан үш реттен артық орын алған жағдайда, Банк берешек толық өтелгенге дейін қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

2.1.6. АТМ/ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТЕРМИНАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ ҚАБЫЛДАУ

2.1.6-1. Банк Клиенттен қолма-қол ақшаны Шотқа аудару үшін АТМ/өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы қабылдайды. Толықтыруды Клиент АТМ/өзіне-өзі қызмет көрсету терминалының экранында БСН/ЖСН және банктік (ағымдағы) шот нөмірін енгізу арқылы жүзеге асырады. БСН/ЖСН және Шоттың дұрыс көрсетілуіне Клиент жауапты.
2.1.6-2. Толықтыру ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.
2.1.6-3. Клиент қолма-қол ақшаны АТМ/өзіне-өзі қызмет көрсету терминалының купюра қабылдағышына салғаннан кейін ақша автоматты түрде қайта саналады, кейіннен нақты қайта саналған сома Клиенттің шотына аударылады. Қолма-қол ақшаның қабылданғанын растау үшін чек беріледі. Әрбір орындалған операция бойынша чектер басып шығарылады.
2.1.6-4. АТМ/өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы арқылы жүргізілген операция аяқталып, бірақ чек берілмесе немесе операция жүргізу кезінде техникалық ақау орын алып, шотқа қолма-қол ақша аударылмаған жағдайда, Клиент уақытында, ағымдағы операциялық күн ішінде Банкке жазбаша талап және өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғысынан алынған чектердің (бар болса) көшірмелерін жолдауға міндеттенеді.
2.1.6-5. АТМ/өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы арқылы қызмет көрсету процесінде туындайтын Клиенттің талаптарын, даулы жағдайды қарауға арналған хаттарды Банк ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарайды.

2.1.7. ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

2.1.7-1. Валюталық операцияларға жататын барлық операция, төлемдер, аударымдар (оның ішінде төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған) және Шот бойынша шетел валютасына айырбастау ҚР заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.
2.1.7-2. Клиент шетел валютасында шот ашуға және жүргізуге, сондай-ақ шетел валютасын сатып алу-сатумен байланысты, шетел валютасына қатысты ҚР заңнамасында және (немесе) шет мемлекеттің заңнамасында белгіленген шектеулерге, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді, сондай-ақ Шоттардағы

ақшаға немесе оларды пайдалану операцияларына қолданылуы мүмкін салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді енгізуге байланысты тәуекелдерді өз мойнына алады.
2.1.7-3. Клиент шетел валютасындағы Шоттан ақша аудару операциясын жүргізу кезінде, тиісті шет мемлекеттің заңнамасының талаптарын, халықаралық келісімдерді, өзге де талаптарды басшылыққа ала отырып, корреспондент банк немесе делдал банк келесі іс-әрекеттерді жасай алатындығы туралы хабардар болғанын растайды:
- жүргізілетін операция туралы кез келген қажетті қосымша мәліметтерді алу мақсатында Клиенттің ақшасын аударуды белгісіз мерзімге тоқтата тұруға;
- корреспондент-банк (тер) ұстап қалған комиссияны шегерумен ақшаны Банкке қайтара отырып, бас тартудың себебін нақты көрсетпестен, шетел валютасындағы ақша аударымын аяқтаудан бас тартуға.
2.1.7-4. Клиент ҚР заңнамасын бұзған жағдайдағы жауапкершілік туралы, сондай-ақ ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және халықаралық келісімдерде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік/құқық қорғау органдарына, шетелдік салық органдарына және шетелдік салық агенттеріне ақпарат беру міндеттерін қамтитын валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыру бөлігінде Банктің міндеттері, сондай-ақ Банктің құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдарды Клиент тарапынан болған ҚР заңнамасын бұзушылықтар туралы хабардар ету міндеттері туралы хабардар екенін растайды.
2.1.7-5. Банк Клиенттің операциясын жүргізуге қатысатын шетелдік корреспондент-банктен, делдал банктен сұрау салу алған жағдайда, Банк операцияға және оған қатысушы тұлғаларға қатысты барлық қажетті мәліметті, түсініктемелер мен құжаттарды ұсына алатындығына, ал егер сұратылған мәліметтер мен құжаттар Банкте болмаса, Клиент Банкке осындай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды толық көлемде және Банк белгілеген мерзімде беретіндігіне Клиент келіседі.
2.1.7-6. Клиент Банктің келесі жағдайларға жауап бермейтіндігіне келіседі:
- Клиенттің төлемін/аударымын корреспондент банк және/немесе делдал банк бұғаттап/тоқтатып қойған жағдайға;
- корреспондент-банк, делдал банк Клиенттің дұрыс емес деректемелермен, шетел валютасында Шотқа жіберген төлемді корреспондент банктер, делдал банктер ұстап қалған комиссияларды шегере отырып шотқа қайтарғанда.
2.1.7-7. Егер Клиент Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) қатысушысы болған жағдайда, яғни, оның аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген /аккредиттелген болса, онда Клиент осы Шартқа қосыла отырып, АХҚО қатысушысы – Клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген валюталық операциялар бойынша есептерді,
атап айтқанда:
- Клиенттің тапсырмалары бойынша жүргізілетін валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты;
- АХҚО қатысушысы ретінде Клиент жүргізген мәмілелер мен операциялар, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша жүзеге асырылған, бейрезиденттерге қатысты талаптардың және олардың алдындағы міндеттемелердің өзгеруіне әсер еткен мәмілелер мен операциялар туралы ақпаратты;
- Клиенттің бейрезиденттермен жүзеге асырған бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялары бойынша ақпаратты;
- Клиенттің қаржы құралдарымен жасаған валюталық операцияларынан есептелген және алынған кірістер туралы ақпаратты;
- ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылуы талап етілуі мүмкін өзге де қажетті ақпаратты Банктің АХҚО Қаржы қызметтерін реттеу комитетіне беруіне келісім береді.
2.1.7-8. Осы арқылы Клиент валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасынан ақшаны шығаруға және/немесе ҚР валюталық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін валюталық операциялар бойынша өзінің кез келген төлемдері және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты беруге келісімін береді.

2.1.8. БОРЫШКЕРДІҢ АҚШАСЫН ЕСЕПТЕУ, АҒЫМДАҒЫ ШЫҒЫСТАРДЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ СОТ БАНКРОТТЫҒЫ РӘСІМІНДЕ КРЕДИТОРЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН ҚАРЖЫ БАСҚАРУШЫСЫНЫҢ ШОТЫН АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1.8-1. Қаржы басқарушысының ағымдағы шоты борышкердің ақшасын есептеу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот банкроттығы рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында ашылады (бұдан әрі - ҚБ шоты).
2.1.8-2. Қаржы басқарушысы ҚР заңнамасында белгіленген қажетті құжаттарды, оның ішінде ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы жөніндегі мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органның оны қаржы басқарушысы етіп тағайындау туралы бұйрықты және борышкерге қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы соттың ұйғарымын ұсынған жағдайда ған Банк ҚБ шотын ашады.
2.1.8-3. Қаржы басқарушысы ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып, ҚБ шотындағы ақшалай қаражатты өзі басқарады. Банк Қаржы басқарушысының ҚБ шоты бойынша операцияларды жүзеге асыруы кезінде ақшалай қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырмайды.
2.1.8-4. ҚБ шотының режимі ҚБ жеке шоттарына қолданылмайды.

2.1.9. ФАКТОРИНГ МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖҮРГІЗУ ҮШІН АРНАЙЫ (АҒЫМДАҒЫ) ШОТ АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

2.1.9-1. Банк Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініштің, сондай-ақ Банк пен Қаржы агенті арасында жасалған келісімнің негізінде Клиентке шектеулі пайдалану режимімен ағымдағы шот ашады. Көрсетілген шот Клиент пен Қаржы агенті арасында жасалған факторинг шарты негізінде ақшалай талапты беру шеңберінде туындайтын Қаржы агенті алдындағы Клиенттің міндеттемелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылады.
Банктің Шотқа қызмет көрсетуге және есеп айырысуды жүргізуге байланысты комиссиясы Клиенттің Банкте ашылған және пайдалану режиміне қатысты шектеулері жоқ қосымша ағымдағы шотынан есептен шығарылады.
2.1.9-2. Клиенттің факторинг шарты бойынша Қаржы агенті алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Клиент Банкке ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген тұрақты өкімді ұсынады, оның негізінде Банк Клиенттің тұрақты өкімінде айқындалған талаптарға сәйкес Қаржы агентінің пайдасына тұрақты аударымдарды жүзеге асырады.
2.1.9-3. Клиент Шотқа түскен барлық ақша Қаржы агентінің пайдасына, тұрақты өкімге сәйкес және оның негізінде сөзсіз аударылатынына өзінің келісімін растайды.
2.1.9-4. Клиент Банкке Шот бойынша өзге де шығыс операцияларын жүргізуге нұсқау беруге құқығы жоқ екендігімен өзінің келісетінін растайды, Банк, өз кезегінде, Клиент ұсынған тұрақты өкімнің орындалуын қоспағанда, Клиенттің кез келген нұсқауларын орындаудан бас тартады.
2.1.9-5. Клиент осы бөлімге сәйкес ашылған Шотты жабу келесі жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылатынына келіседі:
1) ҚР заңнамасында белгіленген негіздер бойынша Шотты жабуға тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Қаржы агентінің жазбаша келісімі бар болса, Клиенттің бастамасы бойынша;
2) Шартқа және ҚР заңнамасына сәйкес Банктің бастамасы бойынша;
3) Банк пен Қаржы агенті арасында жасалған факторингтік мәмілелерді жүргізу үшін ашылған банктік (ағымдағы) шоттарға банктік қызмет көрсету туралы серіктестік келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, Қаржы агентінің жазбаша келісімінсіз, Клиенттің бастамасы бойынша.
2.1.9-6. Клиент Банктің Қаржы агентіне Шартқа және Шотқа қатысы бар (Шоттың бар-жоғы, Шоттағы ақша қалдығы, Шоттағы ақша қозғалысы, Шотқа қатысты шектеулер, Шотқа қойылған талаптар, Шоттағы ақшаға тыйым салу, Шотты басқаруға қатысты шектеулер туралы) ақпаратты (бұдан әрі – Ақпарат) беруге құқылы екендігімен келісетінін растайды.
2.1.9-7. Клиент Банктің Қаржы агентіне ақпарат беруінің әрбір жағдайында оның тарапынан қосымша растау талап етілмейтінін растайды.

2.1.9–8. Банктің Қаржы агентіне ақпарат беруінің кезеңділігін, тәртібі мен талаптарын Банк және Қаржы агенті дербес белгілейді.
2.1.9-9. Осы бөлімге сәйкес Шоттағы ақшаны шектеулі пайдалану режимін белгілеуге байланысты туындайтын Тараптардың өзара қарым-қатынасы Клиенттің өзге Шоттарына қолданылмайды.

2.1.10. «АГРАРЛЫҚ КРЕДИТТІК КОРПОРАЦИЯ» АҚ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН КЛИЕНТТЕРДІҢ БАҚЫЛАУ ШОТТАРЫН АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ТӘРТІБІ

2.1.10-1. Осы тарау «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Корпорация) қаражаты есебінен қаржыландыруды алушы, сондай-ақ Кредиттік серіктестіктер және (немесе) Корпорация қаражаты есебінен қаржыландыру алушы басқа да ұйымдар арқылы қаржыландырылу алушы болып табылатын Клиенттер ашатын банктік шоттарды (бұдан әрі – Бақылау шоты) ашудың, жүргізудің және жабудың арнайы тәртібін белгілейді әрі осындай шоттағы ақша қаражатты мақсатты пайдалануға байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.
2.1.10-2. Егер жеке банктік шот туралы шартта немесе жеке келісімде өзгеше тікелей көзделмесе, осы тарауда белгіленген арнайы талаптар банктік шоттарға қызмет көрсетудің жалпы талаптарына қарағанда басымдыққа ие болады.
2.1.10-3. Бақылау шотын ашу Клиенттің Банк комиссиясын және кредит қаражатын мақсатқа сай пайдалануға жатпайтын өзге де шығыстарды төлеуге арналған жеке ағымдағы шоты болған кезде жүзеге асырылады.
2.1.10-4. Клиент осы Шартқа қол қоя отырып, Банк Клиенттің Бақылау шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуге бағытталған, Корпорацияның уәкілетті органы бекіткен Шығыстар тізбесіне (бұдан әрі - Шығыстар тізбесі) сәйкес келетін Клиенттің нұсқауларын ғана орындауға қабылдайтынымен келіседі.
2.1.10-5. Клиенттің Шығыстар тізбесіне сәйкес келмейтін шығыс операцияларын жүргізу туралы нұсқауларын Банк орындамайды.
2.1.10-6. Клиент Бақылау шотындағы ақша қаражатына тек қолма-қол ақшасыз тәртіппен, Шығыстар тізбесінде және Клиент пен Корпорация арасындағы не Клиент пен Корпорация қаражаты есебінен қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйым арасындағы шартта айқындалған нысаналы пайдалану шеңберінде ғана билік етуге құқылы. Бақылау шоты бойынша қолма-қол ақша алуға тыйым салынады.
2.1.10-7. Клиент осы арқылы Банкке банк құпиясын құрайтын мәліметтерді «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамына, сондай-ақ Бақылау шотын ашу кезінде Клиент көрсеткен, Корпорация қаражаты есебінен Клиентті қаржыландыруды жүзеге асыратын Кредиттік серіктестікке немесе өзге ұйымға қаржыландыруды сүйемелдеу, ақша қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау және тиісті қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде ашуға сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісім береді, оның ішінде:
1) Бақылау шотын ашуға, жүргізуге және жабуға қатысты мәліметтерді;
2) Бақылау шотына салынған шектеулер, ауыртпалықтар және тыйым салулар, сондай-ақ Бақылау шотындағы ақша қаражатына қойылған талаптар туралы мәліметтерді;
3) Бақылау шоты бойынша ақша қаражатының қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді;
4) Клиентке және/немесе Бақылау шотына қатысты, сондай-ақ бөлінген қаржыландырудың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Корпорацияға қажетті кез келген өзге ақпаратты.
2.1.10-8. Клиент Бақылау шотына қатысты қойылған кез келген ауыртпалықтар, тыйым салулар немесе үшінші тұлғалардың талаптары туралы, сондай-ақ олардың қойылу мүмкіндігі туралы Банкке дереу хабарлауға міндетті.
2.1.10-9. Бақылау шоты Клиенттің өтініші негізінде және Корпорацияның еркін нысанда рәсімделіп, Банкке жолданған жазбаша келісімі болған жағдайда жабылады.

2.1.11. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАҒЫ ШОТ

2.1.11-1. Инвестициялық ағымдағы шот Клиенттің инвестициялық қызметін жүзеге асыруға байланысты инвестицияланбаған ақша қалдықтарын есепке алу үшін Клиентке ашылады.

2.1.11-2. Инвестициялық ағымдағы шот Банк пен Клиент арасында кастодиалдық қызмет көрсету шарты (кастодиалдық шарт) жасалған жағдайда ашылады.

2.1.11-3. Клиент инвестициялық портфельді басқаруды басқарушы компанияға берген жағдайда, Клиент Банкке Клиент пен тиісті басқарушы компания арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де құжаттарды ұсынады.

2.1.11-4. Инвестициялық ағымдағы шоттағы ақша қаражатына билік етуді басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасында, инвестициялық портфельді басқару шартында және Банкке ұсынылған құжаттарда көзделген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыра алады.

2.1.11-5. Инвестициялық ағымдағы шот бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, уәкілетті органдардың талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.1.12. НОМИНАЛДЫ ҰСТАУШЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТЫ

2.1.12-1. Номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның клиенттерінің инвестицияланбаған ақша қалдықтарын есепке алуға арналған ағымдағы шот (бұдан әрі – Брокерлік шот) клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығымен брокерлік қызметті жүзеге асыратын Клиентке ашылады.

2.1.12-2. Брокерлік шот ашу үшін Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында мұндай құжаттарды ұсыну талап етілген жағдайда, клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығымен брокерлік қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензиясының бар екенін растайтын құжаттарды ұсынады.

2.1.12-3. Брокерлік шоттағы ақша қаражатына билік етуді Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасымен, берілген лицензиямен және өз клиенттерімен жасалған шарттармен берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

2.1.12-4. Брокерлік шот бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, уәкілетті органдардың талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Банк міндетті:

3.1.1. Клиент ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қажетті барлық құжатты ұсынған жағдайда, ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда Шот(-тар) және (немесе) ЦШ ашуға, Шарт нысанасына сәйкес келетін төлем қызметтерін көрсетуді жүзеге асыруға;

3.1.2. жөнелтуші талап, тапсырма нысанында немесе электрондық төлем құралын немесе қашықтан қол жеткізу жүйесін пайдалану кезінде Клиенттің келісімі түрінде нұсқауларды ұсынған кезде Клиентке тиесілі ақшаның, оның ішінде ЦТ-ның (Шоттағы/ЦШ-дағы ақша қалдығы шегінде) болуын қамтамасыз етуге;

3.1.3. ҚР заңнамасын және Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарды сақтай отырып, ақшаны, оның ішінде ЦТ-ны Клиенттің Шотына және (немесе) ЦШ-ға есептеу және Клиенттің Шотынан/ЦШ-дан ақша алу бойынша операцияларды жүзеге асыруға;

3.1.4. ҚР заңнамасына сәйкес Шот және (немесе) ЦШ бойынша кассалық-есеп айырысу қызметін көрсетуді жүзеге асыруға;

3.1.5. Шотта және (немесе) ЦШ-да орналастырылған ақша сомасы, төлем қызметі (-тері) бойынша алынатын комиссия (-лар) мөлшері, сондай-ақ Шот және (немесе) ЦШ бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты операция жүргізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей қалыптастырылған банктік шот бойынша үзінді көшірмелер түрінде

Клиентке немесе оның уәкілетті тұлғасына жеке табыстау арқылы не қорғалған электрондық байланыс арналары арқылы немесе Клиент сұратқан өзге де нысанда ұсынуға.
3.1.6. Клиентке және/немесе ол көрсеткен тұлғаға ҚР заңнамасында, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Шоттан қолма-қол ақша беруді жүзеге асыруға;
3.1.7. Шот және (немесе) ЦШ бойынша жүргізілетін операциялар бойынша құпияны сақтауға және үшінші тұлғаларға ҚР заңнамасында және Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда белгіленген тәртіппен, талаптарда және негіздер бойынша банк құпиясын құрайтын мәліметтерді беруге;
3.1.8. 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиент жазып берген чекті төлеуден бас тартудың, ақаулы және/немесе жалған чекті анықтаудың әрбір жағдайы туралы Клиентке жазбаша хабарлауға;
3.1.9. Клиент чек кітапшасын бергені үшін Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің комиссиясын төлеген жағдайда, Клиентке Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда және ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және талаптарда чек кітапшаларын беруге;
3.1.10. салық органдарын ҚР заңнамасында көзделген мерзімде Клиенттің Шотын және (немесе) ЦШ-ын ашу/жабу туралы хабардар етуге;
3.1.11. Клиенттің/үшінші тұлғаның нұсқауын орындаудан бас тартуға, егер мұндай нұсқау және/немесе ол бойынша ұсынылатын құжаттар ҚР заңнамасына сәйкес келмесе және/немесе қайшы келсе және/немесе Клиенттің Шотында және (немесе) ЦШ-да ол бойынша операцияларды жүргізгені үшін Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлеу үшін ақша, сонымен қатар ЦТ болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда;
3.1.12. Клиент – заңды тұлғаның атауы өзгеріп\ұйымдық-құқықтық нысаны өзгеріп, соның салдарынан мөрді ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, сондай-ақ мөр жоғалған немесе тозған жағдайда, Клиенттің жазбаша өтініші негізінде оған жаңа мөр дайындау үшін 20 (жиырма) жұмыс күнін беруге және осы кезең ішінде Клиенттің шоты бойынша операцияларды Клиенттің төлем құжаттарында мөр бедерін қоймай-ақ жүзеге асыруға;
3.1.13. уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың Шот және (немесе) ЦШ бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдерін және (немесе) өкімдерін, мүлікке иелік ету құқығын уақытша шектеу туралы, сондай-ақ Шотта және (немесе) ЦШ-да орналастырылған Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы актілерді ҚР заңнамасына сәйкес орындауға.
Шот және (немесе) ЦШ бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және Шоттағы және (немесе) ЦШ-дағы ақшаға тыйым салу сыртқы электрондық жеткізгіштердегі ЦТ-ға қолданылмайды;
3.1.14. уәкілетті мемлекеттік органдардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдердің және (немесе) өкімдердің, мүлікке иелік ету құқығын уақытша шектеу туралы, сондай-ақ Клиенттің шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілердің күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламаларының негізінде, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда Шот бойынша, оның ішінде ЦШ бойынша шығыс операцияларын қайта бастауға және Клиенттің бұрын тыйым салынған ақшаға иелік ету құқығын шектемеуге;
3.1.15. егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Клиенттің оған берілген қарыз(-дар)/кредит(-тер) бойынша Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында ұсынылған нұсқауларды, егер Клиенттің шотында, оның ішінде ЦШ-да мұндай нұсқауды орындауға қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, оларды орындауға жеткілікті ақша сомасы Клиенттің шотына түскенге дейін бір жыл бойы сақтауға;
3.1.16. ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылған үшінші тұлғалардың Шоттан, оның ішінде ЦШ-дан ақшаны алу туралы нұсқауларын ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен орындауға;
3.1.17. оған Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптармен және ҚР заңнамасымен жүктелген өзге де міндеттерді орындауға;
3.1.18. Шартқа/Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін өзгерістер/толықтырулар туралы ақпаратты Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастыруға:
- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда - мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне 1 (бір) ай қалғанда (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын клиенттер бойынша), 3 (үш) ай қалғанда (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын клиенттер бойынша);

- басқа жағдайларда - мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда.

3.1.19. Клиент немесе бенефициар туралы ақпарат әрекеттер туралы базадағы ақпаратпен сәйкес келген кезде, Төлемдер туралы заңның 25-1-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Клиентке кез келген тәсілмен, оның ішінде ауызша хабардар ету (Клиент көрсеткен мобильді телефон нөміріне қоңырау шалу), сондай-ақ Банкте бар мекенжай бойынша жазбаша түрде (қолына табыстау және/немесе пошта қызметі арқылы) не электрондық нысанда (Клиенттің электрондық поштасының адресіне хат жолдау және/немесе телефон нөміріне SMS-хабарлама/ интернет және мобильді банкингінде Push-хабарлама жолдау арқылы), себептерін көрсете отырып, шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұратыны туралы хабарлауға міндетті. Егер Клиент әрекеттер туралы базаға енгізілген бенефициардың пайдасына төлемді немесе ақша аударымын жүзеге асыру туралы ниетін растаса, Банк осы төлемді және (немесе) ақша аударымын бенефициардың пайдасына жүзеге асыруды жалғастырады.

3.1.20. ҚР заңнамасының талаптарына және Техникалық құжаттамаға сәйкес криптографиялық кілттерді шығаруды, сақтауды қамтамасыз етуге, ал платформа қатысушысы ауысқан кезде - криптографиялық кілттерді цифрлық теңге платформасының жаңа қатысушысына беруді қамтамасыз етуге;

3.1.21. Цифрлық теңгені одан әрі сәйкестендіруді және жүргізілген операцияларға мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін бірегей әріптік-цифрлық немесе графикалық белгілерді беру арқылы ЦТ таңбалауды/таңбалауды алып тастауды жүзеге асыруға, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ЦТ айналысы, пайдалану және өтеу талаптарын, қағидаларын және өлшемшарттарын белгілеуге бағытталған ЦТ смарт-келісімшарттарын қалыптастыруға және қолдануға;

3.1.22. ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде Клиентке тиісті хабарлама жіберу арқылы цифрлық шоттарға қызмет көрсету бойынша қызметті тоқтату туралы Клиентке хабарлауға.

3.2. Банк құқылы:

3.2.1. Клиенттен Шот және (немесе) ЦШ бойынша операцияларды жүргізу, Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін қажетті кез келген құжаттарды және ақпаратты сұратуға;

3.2.2. Клиенттің Шартқа қол қою арқылы берген оның Шотынан (-тарынан) және (немесе) ЦШ-дан ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімі негізінде Клиенттің Шотынан (-тарынан) және (немесе) ЦШ-дан, сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген басқа банктік шоттарынан ҚР заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақша және (немесе) ЦТ алуға:

1) ақша/ЦТ аудару арқылы жүзеге асырылған рұқсат етілмеген төлем дерегі анықталғанда;

2) жалған төлем құжатының негізінде ақша және (немесе) ЦТ аударғанда;

3) қате нұсқауды орындағанда;

4) Клиенттің Банк алдындағы кез келген ақшалай міндеттемелері бойынша, сонымен қатар қандай да бір банк қызметін көрсеткені үшін Банк комиссияларын төлеу міндеттемелері бойынша Банк алдында берешегі болғанда;

5) Банк қате жіберіп, нәтижесінде Клиенттің Шотына/ЦШ-ға ақша/ЦТ негізсіз аударылғанда;

6) ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда, тәртіпте және негіздер бойынша, егер ҚР заңнамасында және цифрлық теңге платформасының құжаттарында өзгеше көзделмесе.

3.2.3. ҚР заңнамасымен біржақты өзгертуге тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Шартқа, сонымен қатар Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте осындай өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің

www.forte.kz ресми сайтында орналастыру, интернет және мобильді банкингте хабарлама жіберу арқылы Клиентті алдын ала хабардар етуі тиіс:
- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда - мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне 1 (бір) ай қалғанда (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын клиенттер бойынша), 3 (үш) ай қалғанда (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын клиенттер бойынша);
- басқа жағдайларда - мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда.
Осы тармақта белгіленген тәртіппен Банк Шартқа, сонымен қатар Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпаратты жариялаған күннен бастап хабарламаның тиісті мерзімі өткеннен кейін мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді.
Өзгерістер/толықтырулар енгізілгеннен кейін Шарттың жаңа редакциясы қолданысқа енгізіледі.
3.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша біржақты өзгертуге тыйым салынатын Шартқа, Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бұл ретте осындай өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастыру, интернет және мобильді банкингте хабарлама жіберу арқылы Клиентті алдын ала хабардар етуі тиіс:
- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда - мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне 1 (бір) ай қалғанда (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын клиенттер бойынша), 3 (үш) ай қалғанда (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын клиенттер бойынша);
- басқа жағдайларда - мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда.
Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап хабарламаның тиісті мерзімі ішінде Клиент Шартқа, Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдамайтындығы туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның еркін білдіруі болып табылады және Клиенттің мұндай өзгерістермен/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді.
3.2.5. ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайларда біржақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға, Шотты/ЦШ жабуға және Шарттың қолданысын тоқтатуға,:
1) Клиент таратылған жағдайда, тарату фактісін растайтын құжаттар болған кезде;
2) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган құрған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбелерінде (бұдан әрі - Тізбелер) Клиент туралы мәлімет болса;
3) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет анықтаған ақшаны жылыстату, терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;
4) егер Клиент жүргізетін операцияларды зерттеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалып жатқандығы туралы күмән болса;
5) Клиент Клиентке тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) ұсынуға келісімін беруден бас тартқанда, бұған Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес ондай жабуларға рұқсат етілмейтін жағдайлары қосылмайды;

6) Клиенттің Шотында және (немесе) ЦШ-да бір күнтізбелік жылдан аса ақша болмаған жағдайда;
7) Клиенттің Шотында және (немесе) ЦШ-да бір жылдан аса ақша және (немесе) ЦТ қозғалысы болмаған жағдайда, бұған ҚР заңнамасында көзделген жағдайлар қосылмайды;
Клиенттің Шотында бір жылдан аса ақша болмаса, Банк көрсетілген мерзім өткен соң, Клиентке жеке хабардар етпей-ақ Шотты жабады.
3.2.6. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шотқа және (немесе) ЦШ-ға қатысты орындалмаған талаптар болған жағдайда, Шотты және (немесе) ЦШ-ны жабудан бас тартуға.
3.2.7. Банктің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауы мақсатында банк операцияларын жүргізу үшін Банкке ұсынылған кез келген түрдегі деректерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша ҚР-да тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруға.
3.2.8. Келесі жағдайларда Шот бойынша операция жүргізуді тоқтатуға және/немесе жүргізуден бас тартуға:
1) егер бұл операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары) келесілер болып табылса:
а) Тізбелерге енген ұйым немесе тұлға болса;
б) тікелей немесе жанама түрде Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға, Тізбелерге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға болса;
в) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет анықтаған ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;
2) егер Клиент жүргізетін операцияларды зерттеу барысында олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалып жатқандығы туралы күдік туындаса;
3) ҚР заңнамасында, сонымен қатар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген басқа жағдайларда;
4) Шот бойынша операциялар жүргізу кезінде алаяқтық әрекеттердің/өзге де құқыққа қарсы тосын оқиғалардың орын алуына қатысты күдік туындаса;
5) ҚР заңнамасына сәйкес алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының дерекқорында Клиенттің және/немесе бенефициардың болу фактісі анықталған жағдайларда.
3.2.9. Банк Клиент берген сенімхаттың заңдылығын анықтай алмаған жағдайда және Клиент Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптардың 3.3.13. т. талаптарын орындамаған жағдайда сенім білдірілген тұлғаның Шот/ЦШ бойынша операция жүргізуін болдырмауға.
3.2.10. Клиенттің Шартта және ҚР заңнамасында қарастырылған, Банк алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, Клиенттің/ол өкілеттік берген тұлғаның банктік шотындағы және (немесе) ЦШ-дағы ақшаға және (немесе) ЦТ-ға иелік ету бойынша нұсқауларын Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін тиісті түрде орындағанға дейін орындамауға. Бұл ретте, Банк мұндай жағдайларда нұсқауларды орындамағаны үшін, сонымен қатар келтірілген шығындарды өтеу бойынша Клиент алдында жауапты емес.
3.2.11. Клиент Банкпен жасалған банктік қарыз шарты/кредит желісін ашу (беру) туралы келісім және/немесе қамтамасыз ету шарты (-тары) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Шот және (немесе) ЦШ бойынша операция жүргізуді тоқтатуға, сонымен қатар, бірақ олармен шектелмейді.

3.2.12. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды немесе әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін қағаз жеткізгіштегі төлем тапсырмасы ұсынылған кезде, егер көрсетілген жарналар мен аударымдар төленетін тұлғалардың тізімі оннан астам позицияны (тегін) қамтып, бұл ретте аталған тізім электрондық түрде ұсынылмаса, аударымды жүзеге асыру операциясын жүргізуден бас тартуға.
3.2.13. Банк осы Шарттың, Қазақстан Республикасы және Банк қызметіне қатысы бар шет мемлекеттер заңнамаларының, Банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдері мен талаптарының, сондай-ақ корреспондент банктің талаптары бұзылып жатыр, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаса, сондай-ақ әрекеті Банкке және Клиентке қолданылатын (сонымен қатар, бірақ бұлармен шектелмей, операция түрімен, Клиенттің және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлердің/қатысушылардың, бенефициарлы меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкция болған жағдайда, біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға;
3.2.14. Шоттағы және (немесе) ЦШ-дағы ақшаның және (немесе) ЦТ алаяқтық немесе басқа да заңсыз іс-әрекеттердің нәтижесі екендігі туралы негізді күдік болған кезде және Клиентке, Банкке не оның өзге де клиенттеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттер іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда, Шот және (немесе) ЦШ бойынша шығыс операцияларын (барлығын немесе жеке түрлерін), оның ішінде интернет және мобильді банкингте ҚР заңнамасында және Банктің ішкі рәсімдерінде көзделген мерзімге тоқтата тұруға, сондай-ақ Клиенттің интернет және мобильді банкингке кіруіне шектеу қоюға, сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттер мен олардың салдарын болдырмауға, Клиенттің, Банктің немесе оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқартуға бағытталған ҚР заңнамасында көзделген басқа да шектеулер мен шараларды енгізуге.
3.2.15. Банк келесі жағдайларда «SMS хабарлама» қызметін ұсынуды тоқтатуға құқылы:
- Клиенттің ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте берген өтініші бойынша;
- Пайдаланушыны қол қою және мөрбедері үлгілері бар құжаттан шығарған және барлық банктік және қаржылық құжатқа қол қою құқығын жойған жағдайда;
- егер Банктің Шарт бойынша көрсеткен қызмет ақысын төлеу бойынша Клиенттің 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі болса.
3.2.16. Шот және (немесе) ЦШ бойынша алаяқтық және/немесе құқыққа қарсы оқыс оқиға белгілері бар операциялар анықталған кезде, Клиенттен осындай транзакция бойынша мән-жайларды анықтау үшін қажетті ақпаратты сұратуға.
3.2.17. ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың Клиенттің Шотына және (немесе) ЦШ-ға, сәйкестендіру құралдарына өтуіне жол бермеуге, үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкеп соғатын рұқсаттамаларды бермеуге.
3.2.18. Цифрлық шот бойынша:
1) Банктің цифрлық теңге платформасының қатысушы екенін растайтын Ұлттық орталық берген тіркеу куәлігінің қолданысы тоқтатылған, уақытша тоқтатылған не кері қайтарып алынған жағдайда ЦШ бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және (немесе) жүргізуден бас тартуға;
2) Банктің цифрлық теңге платформасының қатысушысы ретіндегі лицензиясының және (немесе) өзге де рұқсат құжаттарының қолданысы уақытша тоқтатылған, кері қайтарып алынған немесе қолданысы тоқтатылған жағдайда, ЦШ бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және (немесе) оларды жүргізуден бас тартуға;
3) ҚР заңнамасында көзделген цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттарын орындау ерекшеліктерін ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері негізінде ЦШ бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;
4) Банк ҚР Ұлттық Банкінің Антифрод-орталығымен өзара іс-қимыл шеңберінде алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын анықтау және олардың алдын алу жөніндегі шараларды

қабылдаған жағдайда, ЦШ бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және (немесе) оларды жүргізуден бас тартуға;
5) Клиент Шартта, ҚР заңнамасында немесе цифрлық теңге платформасының құжаттарында белгіленген цифрлық теңгені және (немесе) цифрлық шотты пайдалану талаптары мен тәртібін бұзған жағдайда, ЦШ бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және (немесе) жүргізуден бас тартуға;
6) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Клиенттің цифрлық шотына қызмет көрсететін цифрлық теңге платформасы қатысушысының ауысуына байланысты ЦШ бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға;
7) цифрлық шотқа рұқсатсыз өтуге қатысты күдік туындаған жағдайда, Клиенттің өтініші бойынша ЦШ бойынша операцияларды тоқтата тұруға;
8) ҚР заңнамасында, цифрлық теңге платформасының қағидаларында және осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда ЦШ-ға және цифрлық теңгемен операцияларға қолжетімділікті шектеуге.

3.3. Клиент міндетті:
3.3.1. Банкке ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген Клиенттің Шотын/ЦШ ашу және жүргізу үшін қажетті барлық құжатты ұсынуға;
3.3.2. Шотты және (немесе) ЦШ жүргізгені үшін, сондай-ақ басқа да банктік қызметтерді ұсынғаны үшін Банкке Шот/ЦШ бойынша тиісті операцияны жүргізу кезінде қолданыста болған, Банк филиалдарының операциялық залдарында және Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлеуге.
ЦШ-ға қызмет көрсеткені үшін және ЦШ бойынша операциялар үшін Банктің комиссиялары Клиенттің Банкте ашылған және Клиент ЦШ ашқан кезде көрсеткен ағымдағы шотынан төленуі тиіс. Клиент Шартқа қол қою арқылы ағымдағы шоттан Банк тарифтеріне сәйкес комиссиялардың тиісті сомаларын есептен шығару үшін мұндай шоттарды тікелей дебеттеуге Банкке алдын ала келісім береді;
3.3.3. ҚР заңнамаларының талаптарын сақтауға;
3.3.4. Банкке ҚР заңнамасына және Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарға сәйкес ресімделген, ҚР заңнамасына және Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарға қайшы келмейтін Шот/ЦШ бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқауларды беруге;
3.3.5. егер Клиенттің Шотына/ЦШ-ға негізсіз түрде қателесіп ақша аудару дерегі анықталған жағдайда, Клиентке қателесу дерегі белгілі болған сәттен бастап немесе Банк қателесіп аударылған ақшаны қайтару туралы тиісті хабарламаны жолдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Шотқа/ЦШ-ға қателесіп аударылған ақшаны Банкке толығымен қайтаруға;
3.3.6. дереу (үш жұмыс күні ішінде) Банкке Клиенттің Шоты және (немесе) ЦШ бойынша Банк жүргізетін операцияларға ықпал етуі мүмкін барлық өзгеріс туралы, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің атауының, оның орналасқан жерінің өзгеруі туралы, Шотқа иелік ету құқығы бар тұлғалардың өзгергені туралы жазбаша түрде хабарлауға және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын ұсынуға. Бұл талап орындалмаған жағдайда, Банк Шот бойынша операцияларды жүргізуге ықпал ететін мұндай өзгерістер туралы ақпараттың болмауы кезінде жасалған әрекеттер (әрекет етпеуі) үшін жауапкершілік көтермейді;
3.3.7. келесі жылдың 5 қаңтарынан кешіктірмей, жыл сайын 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өз Шоты және (немесе) ЦШ бойынша Сальдоны растап отыруға;
3.3.8. Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ, клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін сұратқан кез келген құжат пен ақпаратты Банкке ұсынуға;

3.3.9. Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарға, Шартқа және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылған Банктің басқа да міндеттері мен талаптарын уақытында және тиісті түрде орындауға;
3.3.10. Банктің www.forte.kz ресми сайтында, Банк филиалдарының операциялық залдарында Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін өзгерістер/толықтырулар туралы ақпараттың орналастырылуын тұрақты түрде бақылап отыруға;
3.3.11. Шоттағы және (немесе) ЦШ-дағы ақшаға/ЦТ-ға иелік етуге сенімхат беру дерегі туралы сенімхат берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке тиісті түрде ресімделген сенімхатты беру арқылы Банкке жеке хабарлауға;
3.3.12. Банкке міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды немесе әлеуметтік аударымдарды төлеуге ақша аудару бойынша қағаз жеткізгіштегі төлем тапсырмасын оннан астам позицияны (тегі) қамтитын көрсетілген жарналар мен аударымдар төленетін тұлғалардың тізбесімен ұсынғанда, бұл тізімді электронды түрде ұсынуға;
3.3.13. Пайдаланушылардың ұялы телефондарын, телефондарының SIM-карталарын жоғалтқан, ұрлатқан және өзге жоғалту жағдайларында, сонымен қатар SIM-картаны ауыстырған немесе оларды кез келген негіз бойынша үшінші тұлғаларға берген жағдайда, дереу, жоғарыда аталған жағдайлар орын алған немесе бұл жағдайлардың басталғаны туралы Клиентке белгілі болған сәттен бастап бұл туралы Банкке хабарлауға және ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте «SMS-хабарлама» қызметін тоқтату туралы өтініш беруге;
3.3.14. «SMS-хабарлама» қызметіне қосылған ұялы телефонның тұтастығын қамтамасыз етуге және үшінші тұлғалардың телефонға рұқсатсыз кіруіне жол бермеуге;
3.3.15. Клиенттің бірінші басшысы ауысқан жағдайда, «SMS-хабарлама» қызметін Пайдаланушыларды ауыстыруға және (немесе) растауға;
3.3.16. (Шартты бекіту кезінде де, болашақта да) өзіне де, оның өкіліне де, бенефициарлық меншік иесіне де немесе басқару құрылымының, меншігінің басқа қатысушыларына да, сондай-ақ онымен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға да, контрагенттерге де қандай да бір шектеулер немесе санкциялық сипаттағы шаралар қолданылмайтынын, сондай-ақ әрекеті жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сонымен қатар Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялар тізіміне (бұдан әрі - Санкциялар) енгізілмегенін растауға;
3.3.**17.** егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қандай да бір сәтте оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес Санкциялардың қолданылғаны/ықпал етуі туралы белгілі болса, бұл туралы дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуі керек болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке хабарлауға. Санкция қолданылған/ықпал еткен жағдайда, сондай-ақ Клиент Банкке Санкция қолданылғаны/ықпалы туралы хабарлау міндетін бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, тоқтата тұруға, кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы.
3.3.**18**. Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқауларды жібермеуге немесе операцияларды орындамауға. Егер осы Шарт бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің пікірі бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін жағымсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту – санкция салынған тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдарды құру, Санкцияны бұза отырып төлемдерді жүргізу немесе қаржыландыруды алу және т.б.
3.3.19. ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға Клиенттің Шотына және (немесе) ЦШ, сәйкестендіру құралдарына, криптографиялық кілттерге өту рұқсатын бермеуге, оның ішінде үшінші тұлғалардың төлемдер жасауына және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруына әкеп соғатын рұқсатты бермеуге;
3.3.20. Шот бойынша алаяқтық және/немесе өзге де құқыққа қарсы тосын оқиғалардың белгілері бар операциялар анықталған кезде, Банктің сұрау салуы бойынша Банкке Банктің ішкі рәсімдеріне және ҚР заңнамасына сәйкес осындай операция бойынша мән-жайларды анықтау үшін қажетті ақпаратты беруге;

3.3.21. ЦТ қате аударылғанын, Клиенттің ЦШ жоғалғанын, ұрланғанын немесе рұқсатсыз пайдаланылғанын анықтаған жағдайда, бұл туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті.

3.4. Клиент құқылы:

3.4.1. оның Шотында орналасқан ақшаға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзі иелік етуге;

3.4.2. Шот бойынша операцияларды Банкте белгіленген операциялық күн ішінде жүргізуге;

3.4.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте және талаптарда қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың барлық түрін қолдануға, сондай-ақ қолма-қол ақшамен операцияларды жүргізуге;

3.4.4. Банк көрсететін банк қызметтерінің толық кешенін алуға;

3.4.5. Банктен Шоттағы ақша сомасы туралы және белгілі бір уақыт кезеңінде Шот бойынша жүргізілген операциялар жөнінде мәліметтерді алуға;

3.4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шотты жабуға/Шарттың қолданысын тоқтатуға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған жағдайда, сондай-ақ Шартта басқаша көзделмесе, біржақты тәртіппен Шотты жабу/Банктік шот туралы шартты бұзу туралы жазбаша өтінішімен Шотты жабудың/Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке жүгінуге.

3.4.7. Цифрлық шот (ЦШ) бойынша:

1) ҚР заңнамасына және цифрлық теңге платформасының жұмыс істеу қағидаларына сәйкес оның ЦШ-дағы ЦТ-ға өзі иелік етуге;

2) цифрлық теңге платформасында белгіленген операциялық күн ішінде ЦШ бойынша операциялар жүргізуге;

3) Банктің ЦШ-ға және цифрлық теңгеге қатысты көрсететін қызметтерінің толық кешенін алуға;

4) Банктен ЦШ-дағы цифрлық теңге саны және белгілі бір уақыт кезеңінде ЦШ бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтер алуға;

5) цифрлық теңгемен операциялар жүргізу кезінде смарт-келісімшарттарды пайдалануға, ҚР заңнамасының талаптарына және цифрлық теңге платформасының қағидаларына сәйкес цифрлық теңгені таңбалауға және таңбалауды алып тастауға;

6) ҚР заңнамасында, цифрлық теңге платформасының қағидаларында және осы Шартта көзделген тәртіппен ЦШ-ны жабу және оған қызмет көрсетуді тоқтату туралы өтінішімен Банкке жүгінуге;

7) Банктен ЦШ-ға қызмет көрсетуді тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен өзінің ЦШ-ға қызмет көрсететін цифрлық теңге платформасының қатысушысын ауыстыру туралы өтініш беруге;

8) цифрлық теңгемен және ЦШ-мен ҚР заңнамасында және цифрлық теңге платформасының қағидаларында көзделген өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Шарт талаптарына және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

4.2.Банк Клиенттің Шотына ақшаны және (немесе) ЦШ-ны уақытында есептемегені немесе одан заңсыз түрде есептен шығарғаны үшін, Банктің міндеттемелерді тиісті орындаған күнін қоспағанда, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін Банк уақытында есептемеген/заңсыз есептен шығарған соманың 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген соманың 5 (бес) % артық емес мөлшерде өсімақы, бірақ залал емес, төлеуге міндеттенеді.

4.3. Банк Клиенттің нұсқауларын, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Шоттан және (немесе) ЦШ-дан ақша және (немесе) ЦТ аудару туралы және/немесе Шоттан қолма-қол ақша беру туралы нұсқауларын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, Банктің міндеттемелерді тиісті түрде орындаған күнін қоспағанда, әрбір мерзімі өткен операциялық күн үшін, Банк орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған нұсқау сомасының 0,01 (нөл

бүтін жүзден бір) % мөлшерінде, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген берешектің 5 (бес) % артық емес мөлшерде өсімақы, бірақ залал емес, төлеуге міндеттенеді.
4.4. Банк келесілер үшін жауапкершілік көтермейді:
1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің қолданысқа ену салдарынан туындаған Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптардың өзгерісі үшін;
2) уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері және (немесе) өкімдері негізінде шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу және/немесе шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижелерінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;
3) Клиенттің келісімінсіз шоттан және (немесе) ЦШ-дан ақша және (немесе) ЦТ шығарып алу негізділігі үшін, ондай шығарып алу ҚР заңнамасына және/немесе ҚР заңнамасына қарсы келмейтін Шарт талаптарына сәйкес жүргізілсе және мәні бойынша Шоттан және (немесе) ЦШ-дан ақшаны Клиенттің келісімінсіз алуға қарсы Клиенттің қарсылық білдіруін қарастырмаса;
4) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартқаны, сонымен қатар тоқтатқаны үшін;
5) Банктің жіберген SMS-хабарламасын ұялы байланыс операторының жеткізбегені үшін;
6) Егер Пайдаланушының ұялы телефонының, осы ұялы телефонының SIM-карталарының жоғалғаны, ұрланғаны және өзге жоғалту жағдайлары немесе олардың кез келген негіз бойынша үшінші тұлғаларға берілгендігі туралы Банкке уақытында хабарланбаса, ұялы байланыс арқылы уәкілетті емес тұлғаларға банктік шот(-тар) және (немесе) ЦШ бойынша ақпарат бергені үшін.
4.5. Клиент Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптардың 3.3. тармағының 3.3.2., 3.3.5. тармақшаларында қарастырылған өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, Банк орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған міндеттемелердің әрбір жағдайы бойынша Клиенттен кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін, Клиенттің міндеттемені орындаған күнін қоса алғанда, орындалмаған/тиісті түрде орындалмаған міндеттемелер соммасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % процент мөлшерінде, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген берешек сомасының 5 (бес) % артық емес мөлшерде өсімақы алуға құқылы.
4.6. Клиент Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарда көзделген өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісті орындамаудың әрбір жағдайы бойынша Клиенттен 1 (бір) АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде өсімақы өндіріп алуға құқылы.
4.7. Тараптар өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайлары, атап айтқанда, онымен шектелмей-ақ, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр қуаты берілуінің іркілуі, Тараптардың кез келгенінің орындауы үшін міндетті мемлекеттік органдардың шешімі салдарынан туындаса.
4.8. Клиент Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарға сәйкес Банкке ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жауап береді.
4.8.1. Клиент өзі көрсеткен алушының баламалы сәйкестендіргішінің дұрыстығы үшін жауапты болады. Алушының қате көрсетілген баламалы сәйкестендіргіші бойынша нұсқауды орындаудың салдары, оның ішінде Клиентке келтірілген залалдар үшін Банк жауапты болмайды.
4.9. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген негіздер бойынша Шарт (іскерлік қатынастар) біржақты тәртіпте тоқтатылған жағдайда, Банк Шарттың (іскерлік қатынастардың) тоқтатылатын болжамды күніне дейін кемінде 2 (екі) күнтізбелік күн бұрын Клиентті Шарттың біржақты тәртіптте бұзылатыны және банктік шоттың жабылатыны туралы негіздерін көрсете отырып,

Клиенттің электрондық пошта мекенжайына хабарлама жолдау (SMS-хабарлама және (немесе) интернет-банкинг пен мобильді банкинг арқылы Push-хабарлама) не пошта арқылы хабардар етеді.

4.9.1. Банктік шотта ақша қаражатының болмауына және бір жылдан астам уақыт бойы банктік шот бойынша ақша қаражаты қозғалысының тіркелмеуіне байланысты банктік шот біржақты тәртіпте жабылған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіпте және мерзімдерде Банктің интернет-ресурсында және (немесе) интернет-банкинг пен мобильді банкингте тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Шартты орындаудан бас тартатыны және банктік шоттың жабылатыны туралы Клиентті хабардар етеді.

4.10. Клиент осы Шартқа қол қоя отырып, шет мемлекеттердің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және әрекеті Клиентке және оның Банк жүргізетін немесе Банк арқылы жүргізілетін операцияларына (соның ішінде, бірақ шектелмей, операция түрімен, Клиенттің және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициар меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (соның ішінде шығындар мен алынбай қалған пайданы) өз мойнына алады. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен алынбай қалған пайда) үшін жауапкершілік көтермейді.

5. АҒЫМДАҒЫ БАНКТІК ШОТТАРДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК БЕРУ[1]

5.1. Осы құжат арқылы Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысуы туралы Клиентке хабарлайды, бұл факті «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) берген 2015 жылғы 02 наурыздағы №17 куәлікпен расталады.

5.2. Барлық банктік операцияны жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда Банктің Шоттағы ақша қалдықтарын қайтару жөніндегі міндеттемелері ҚР депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

5.3. ҚР депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасында көзделген шот бойынша кепілдікті өтемді төлеу тәртібі мен мерзімдері туралы, сонымен қатар депозитке міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның талап етілмеген өтем сомасын ҚР әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударуы туралы ақпарат, Клиентті бұл туралы хабардар ету туралы ҚР депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының талаптарын орындау үшін Банктің www.forte.kz ресми сайтында депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның басқару органы бекіткен хабарлама нысанында орналастырылған.

Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қоя және Жалпы талаптарға қосыла отырып, аталған хабарламамен танысқанын растайды.

5.4. ҚР депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының өзгеруіне және ҚДКҚ енгізетін өзгерістерге байланысты кепілдік беру талаптары өзгерген жағдайда, Банк қабылданған кепілдік беру талаптарын Шартқа қатысты қолдануға құқылы.

6. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

6.1. Банктің ҚР заңнамасын сақтауы үшін Клиент төмендегілерге өз келісімін береді:

Клиент – жеке тұлға болған жағдайда:

- forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Клиенттің деректерін/дербес

[1] Аталған тармақтың талаптары тек қана Клиенттерге – жеке кәсіпкерлерге, шаруа (фермер) қожалықтарына, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға қатысты қолданылады.

деректерін жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

Клиент заңды тұлға болған жағдайда:

- Клиент туралы ақпаратты/Клиенттің деректерін үшінші тұлғаларға/үшінші тұлғалардан беруге/алуға, бұған ҚР заңнамасының талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес аталған тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болса не мұндай міндеттер мен құқықтар өзге негіздер бойынша туындаған кезде, сонымен қатар: уәкілетті мемлекеттік органдарға; заңды тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық компанияларға; кредиттік бюроларға; зейнетақы қорына; мемлекеттік дерекқор операторларына/иелеріне; курьерлік компанияларға; ұялы байланыс операторларына; Банкке ақпараттық-технологиялық қолдау бойынша қызметтер көрсететін немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызмет саласында өзге де мәмілелері бар тұлғаларға; шетелдік корреспондент-банктерге; FATCA талаптарына сәйкес АҚШ Ішкі кірістер қызметіне (Internal Revenue Service), оның ішінде автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әртүрлі сервистерді және жоғарыда аталған үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамасын пайдалана отырып беруіне/алуына келісім береді;
- Мемлекеттік дерекқор (МД), Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығы, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздер (Қазақстан Республикасының Электронды үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа ресми дереккөздер) иелерінің Клиенттің деректерін, сонымен қатар МҚ-дан МҚ иелерінен/операторларынан алынған деректерді Банкке, кредиттік бюроларға және өзге ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне келісім береді;
- Клиенттің қолда бар және болашақта келіп түсетін деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредиттік бюроларға және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (оның ішінде кредиттік бюроларды қоса алғанда немесе кредиттік бюролар арқылы) ұсынуға келісім береді;
- Банктің өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында, барлық заңды дереккөзден алынған Клиент туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, Банктің алдын ала талдау жүргізуіне келісім береді;
- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруіне келісім береді, оның ішінде мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында бір күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны шешіп алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында да;
- Банктің ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте коммерциялық, банктік және ҚР заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты келесі жағдайларда ашуына келісім береді:
  а) ҚР көзделген жағдайларда;
  б) Банктің қызметкерлеріне
  в) Банктің қызметін негіздер бойынша және ҚР заңнамасына сәйкес тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;
  г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, Банк осындай тұлғамен(-лармен) мәні көрсетілген тұлғалардың Банктен алған/алынатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауы туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім(-дер) жасаған жағдайда.

Коммерциялық, банктік немесе ҚР заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Клиенттің кінәсінен бұзылған немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа ақпарат көздерінен мәлім болған жағдайда, Банк оған жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның (бұдан әрі - Кредиттік бюро): (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МД-дан МД операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Клиент туралы ақпарат алуына,

(б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Клиент туралы ақпаратты Банкке беруіне келісім береді;
- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, МД иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке Клиент туралы ақпаратты беруіне келісім береді;
- кредиттік есепті, сонымен қатар болашақта кредиттік бюроларға келіп түсетін және/немесе соңғы ақпаратты алған күннен бастап бес жылдан бұрын алынған деректерді кредиттік есепті алушыға беруге, сондай-ақ өзге де қызметтерді ұсынуға келісім береді.
6.1.1. Клиент Банктің Клиенттің пайдасына төлемді және (немесе) ақша аударымын бастамашы ететін Банктің басқа клиентіне осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын, оның ішінде Клиенттің баламалы сәйкестендіргішін пайдалана отырып, банк ішіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы ретінде орындау мүмкіндігі туралы мәліметтерді осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру мақсатында және оларды орындау мүмкіндігін растау үшін қажетті көлемде ұсынуына келісім береді.
6.2. Осымен Клиент шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша Банкке берген және алдағы уақытта беретін дербес деректер субъектілерінің[2] дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ ҚР заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге жағдайларда Клиенттің дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауына және өңдеуіне, дербес деректерді үшінші тұлғаға, сонымен қатар Банкке беруіне, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісімнің нысаны бойынша алдын ала келісім алғанын растайды.
6.3. Банктің талабы бойынша Клиент дербес деректерді жинауына және өңдеуіне, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруіне, оның ішінде Банкке беруіне дербес деректер субъектілерінен жинаған келісімдерінің бар-жоғы туралы құжаттамалық растаманы Банкке ұсынады, ал келісімдердің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде осындай келісімдерді жинайды, содан кейін оларды алғанын Банкке растайды.
6.4. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаларға, сонымен қатар Банкке беруге және Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Егер ҚР дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қатысты қандай да бір шаралар қолданылса, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды өтеуге міндеттенеді.
6.5. Банк:
- ҚР заңнамасына қайшы келмейтін, рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін жинауды, өңдеуді және таратуды ҚР дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асыруға міндеттенеді;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне қол жеткізу талаптарын дербес айқындауға құқылы;
- ҚР дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып, дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен артық сақтамауға және өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша ҚР заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын іс-әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

[2] *Дербес деректер жататын жеке тұлға (өкіл, қызметкер, қатысушы/акционер, бенефициарлық меншік иесі, өзге де жеке тұлға).*

7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

7.1. Тараптар ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының барлық қолданылатын нормасын сақтайды. Тараптар олардың әрқайсысы парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты шаруашылық қызметке байланысты ресімдеуді оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешуді қамтамасыз ету болып табылатын төлемдер үшін төлемдерге жәрдемдесу /жасауды көздейді.

7.2. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары және Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға тікелей немесе жанама қатысатын қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздеп, қандай да бір ақшалай қаражатты немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) қабылдамайды, тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаға төлемейді, төлеуді ұсынбайды, төлеуге/алуға рұқсат бермейді (санкциялайды).

7.3. Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы растамалар болып табылады. Тараптар Шарт жасау барысында осындай растамаларға сүйенеді.

7.4. Тарап осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенген жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

8. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

8.1. Шарт оған екі Тарап та қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, мерзімсіз әрекет етеді және талаптарының бір бөлігі Жалпы талаптарда белгіленген қосылу шарты болып табылады. Клиент Шартқа қол қоя отырып, Жалпы талаптарды қоса алғанда, Шартқа жалпылама қосылады.

8.1. Шарттың қолданысы мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

1) Тараптардың жазбаша келісімі бойынша;
2) Банк Шартта және ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте және негіздер бойынша банктік шотты және (немесе) ЦШ жапқан кезде;
3) Шартқа сәйкес берілген Клиенттің Шартты бұзу туралы өтініші бойынша және Шартты бұзуға кедергі келтіретін жағдайлар болмаса.

8.2. Шарт бұзылған кезде Клиентке осы Шарт бойынша берілген жеке сәйкестендіру коды жойылады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛАПТАР

9.1. Клиентке оның Шоты бойынша кассалық есеп айырысу қызметін көрсету Банк белгілеген операциялық уақытта жүргізіледі.

9.2. Шарт шегінде шетел валютасында төлем қызметін көрсету кезінде, егер басқасы ҚР заңнамасында қарастырылмаса, Банк белгілеген айырбастау бағамы қолданылады.

9.3. Клиенттің рұқсат етілмеген төлем қызметі бойынша жүгінуі немесе басқа наразылығы негізді болған жағдайда, Банк наразылықты қарау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шотта операция сомасын қалпына келтіреді және Клиентке құжатпен расталған басқа шығындарды өтейді.

9.4. Банк ҚР заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың Клиенттің Шотына және (немесе) ЦШ-на рұқсатсыз өтуі немесе оларды Банктің ақпараттық ресурсы (жүйесі) арқылы ЦШ-ға өту арқылы пайдалануы салдарынан немесе сондай-ақ Банктің бағдарламалық жасақтамасындағы қателер немесе ақаулар нәтижесінде туындаған рұқсат етілмеген төлем қызметіне (операциясына) байланысты келтірілген залалды Клиенттен Шартта белгіленген тәртіппен осындай операция туралы хабарлама алғаннан кейін өтейді, өтелетін сома Банктің комиссияларын қоса алғанда, рұқсат етілмеген операция сомасынан аспауы тиіс және ҚР заңнамасында көзделген тәсілдермен Клиентке ақшаны қайтару арқылы жүзеге асырылады. Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк

Клиентке рұқсат етілмеген төлем қызметіне байланысты келтірілген залалды, Банктің Клиенттен бұл туралы Тараптар белгілеген талаптарға сәйкес хабарлама алғаннан кейін, осындай операцияны жүзеге асырғаны үшін Банктің комиссияларын қоса алғанда, рұқсат етілмеген операция сомасынан аспайтын мөлшерде ҚР заңнамасында рұқсат етілген тәсілдермен Клиентке қайтару арқылы өтейді.
9.5. Клиент Шартқа қол қою арқылы Банктің интернет және мобильді банкингі қашықтан қызмет көрсету жүйесінде қашықтан қол жеткізу құралдарын пайдалану арқылы Клиент жіберген құжаттарды/нұсқауларды алуы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қағаз жеткізгіштегі құжаттарды алумен заңды күші жағынан тең екенін мойындайды. Клиент Банкке Электрондық банк қызметтерін ұсыну туралы келісімде көрсетілген тәртіппен және талаптарда қалыптастырылған және оған берілген құжаттарды қағаз жеткізгіштегі құжаттармен/нұсқаулармен тең пайдалану құқығын береді. Бұл ретте Клиент орындау үшін Банкке интернет және мобильді банкингте жіберілген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапты болады.
9.6. Клиент интернет және мобильді банкинг немесе логиндерді, құпиясөздерді және/немесе бір реттік (біржолғы) кодты пайдалана отырып, өзге де балама арналар арқылы банктік шот және (немесе) ЦШ бойынша жасалған барлық операция үшін өзі жауапты болады. Банк Клиенттің банктік шот және (немесе) ЦШ бойынша интернет және мобильді банкинг немесе өзге де балама арналар арқылы операциялар жүргізу туралы нұсқауларын уақытында орындауға жауапты болады. Бұл ретте Клиент логинді, құпиясөзді, бір реттік (біржолғы) кодты құпия сақтауға және олардың үшінші тұлғаларға жария етілуіне жол бермеуге міндетті, олар үшінші тұлғаларға жария етілген жағдайда, оның ішінде Клиент олардың құпия сақталуы үшін жеткілікті шаралар қабылдамаса, Клиент осыған байланысты барлық салдар мен тәуекелді өзі көтереді.
9.7. Қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын, атқарушы органның функцияларын жалғыз құрылтайшының/жалғыз қатысушының өзі не өзге тұлға жеке-дара жүзеге асыратын жалғыз қатысушысы/құрылтайшысы бар заңды тұлғалар үшін өкілеттік мерзімі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 51-бабының 3-тармағына сәйкес бес жылдан аспайтын мерзімге белгіленеді, егер заңды тұлғаның жалғыз қатысушысының/құрылтайшысының шешімінде өзге мерзім көзделмесе.
9.8. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің банктік (ағымдағы) шотын жабу Шотты жабу туралы өтініш негізінде Банктің https://business.forte.kz электрондық порталы, интернет және мобильді банкингі арқылы қашықтан да жүзеге асырылуы мүмкін. Чек кітапшасы болған кезде шотты жабу оның күшін жоюға әкеп соғады.
9.9. Қолма-қол ақша беру бойынша операциялар ҚР заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен шектелуі мүмкін.
9.10. Клиенттің банктік шоттары және (немесе) ЦШ бойынша жүргізілген операциялары туралы ақпаратты Банктің Клиентке телефон байланысы арқылы беруі салдарынан болған залалдар және/немесе өзге де қолайсыз салдарлар тәуекелін Клиент көтереді.
9.11. Шарт бойынша, оның ішінде рұқсат етілмеген төлем қызметтері бойынша барлық дауды/мәселені, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Тараптар келіссөздер, шағымдарды/хабарламаларды/өтініштерді жазбаша нысанда жіберу арқылы шешеді.
9.12. Шарт шеңберінде жіберілетін барлық хабарлама жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Олар тапсырыс хатпен, факс, телеграф арқылы жіберілген немесе жеке табысталған, таңдалған байланыс арнасы хабарламаның адресатқа жеткізілгенін растайтын жағдайда ғана тиісті түрде жіберілген болып саналады. Шарт бойынша хабарламалар Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана өзге тәртіппен жасалуы мүмкін.
9.13. Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптарға барлық өзгеріс пен толықтыру, егер ҚР заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Ағымдағы және цифрлық шоттар бойынша жалпы талаптардың 3.2.3. тармағында көрсетілген тәсілмен енгізілуі тиіс.
9.14. Шартта реттелмеген барлық қатынас ҚР заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.

Банк:
«ForteBank» АҚ
Мекенжайы: Астана қаласы,
Достық көшесі, 8/1
БСК IRTYKZKA
БСН 990740000683
БеК – 14
Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-дағы
KZ23125KZT1001300204
Телефоны +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, 55575 - мобильді телефоннан